

**«Шетелдердегі Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттарды ресімдеу және олардың паспорттарына қажетті белгілер енгізу» мемлекеттік қызмет паспорты**

**Қызмет көрсетуші:**

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

**Жұмыс кестесі:**

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы коса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау сағат 09.30-дан 12.30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі қабылдамайтын күн.

**Веб-сайт:**

шетелдегі мекемелердің сайттары

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды және олардың нәтижесін беруді жүзеге асыратын мекеме:**

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

**Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:**

қағаз түрінде

**Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:**

көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күнінен бастап:

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу - күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күннен аспайды;

ата-анасының паспорттына ата-аналарымен бірге шетелге шыққан жағдайларда, олардың фотосуреттерін жапсыра отырып, 16 (он алты) жасқа дейінгі балалар туралы жазбаны енгізу - 3 (үш) жұмыс күннен аспайды;

**Қажетті құжаттар тізбесі:**

1) паспортты ресімдеу үшін мынадай:

еркін нысандағы өтініш;  
туу туралы куәлік (16 жасқа толмаған балаға паспорт алған кезде);  
Қазақстан Республикасы азаматының паспортты (паспортты ауыстырған кезде);  
мөлшері 3,5x4,5 см төрт түрлі түсті фотосурет;  
консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

2) паспортқа жазба енгізу үшін мынадай:

еркін нысандағы өтініш;  
баланың туу туралы куәлігі;  
Қазақстан Республикасы азаматының паспортты;  
мөлшері 3,5x4,5 см екі түрлі түсті фотосурет;  
консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы

**Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:**

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу не паспортқа жазба енгізу

**Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі:**

1414, 8 800 080 7777

\* толық ақпаратты алу үшін мемлекеттік қызмет көрсету стандартымен танысуды сұраймыз